

3AT
ECIM

ЗАТ ЕСІМ

Заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы.

Тұлғасына қарай

1. Негізгі з.е.

Бөлшектеуге келмейтін түбір зат есім

Мысалы:

Жер, сүт, адам

2. Туынды з.е.

Түбірге жұрнақ жалғану арқылы

Мысалы:

Дос-тық, балықшы, таза-лық, сыпыр-ғыш, қыстау

Құрамына қарай

1. Дара з.е.

Бір ғана түбірден тұрады.

Мысалы :

Жұлдыз, жолаушы

2. Күрделі з.е.

Кемінде екі түбір сөздерден тұрады.

Мысалы:

Балмұздақ, Қаз МҰУ, мәдениет үйі, Ақтөбе, қазақ тілі

Жалпылай немесе жекелей атуына қарай

1. Жалпы з.е.

Бірнеше затқа ортақ атаулар.

Мысалы:

Өзен, адам, дөп

2. Жалқы з.е.

Белгілі бір затқа ғана берілген атаулар

Мысалы:

Мәскеу, Мұхтар Әуезов, Азия, Астана.

Мағынасына қарай

Деректі з.е.

Көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат атаулар

Мысалы:

Қағаз, қалам, үй


Дерексіз з.е.

Тек оймен, ақылмен ғана сезіп білетін сөз атулары.

Мысалы:

Ой, махаббат, сезім, арман

Зат есім жасайтын жұрнақтар



1. зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнақтары	2. Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар	3. Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар
<p>1. -й; атай, әкей, шешей, жездей;</p> <p>2. - еке,-ке,-қа,-а,-е: атеке, (атке), ағеке(ағке), әаеке (апке), Мұқа (Мұқан, мұхтар), Исеке(Иса), Жәке (Жамбыл)</p> <p>3.- тай,: ағатай, апатай, әкетай, шешетай.</p> <p>4.- жан, ағажан, атажан, апажан, Абайжан.</p> <p>5.- қан,-кен,-қай, -кей, -ан, -ң:</p> <p>6 - шақ, -шек: құлыншақ, інішек</p> <p>7.- шық, -шік: қапшық, төбешік</p> <p>8.- ша, -ше: сандықша, күрекше</p> <p>9.- ш, -ыш, -іш: қалқаш, Нұрыш (Нұртай)</p> <p>10.- сымақ: қорасымақ, таусымақ</p> <p>11.- екеш: Тас екеш тас та өзгереді</p>	<p>1. - шы,-ші: қойшы, күйші</p> <p>2. - шылық,-шілік шаруашылық, кеңшілік</p> <p>3. - лық, -лік, -дық, -дік, - тық, -тік: балалық, кісілік, адалдық, жеңілдік, жолдастық, биіктік</p> <p>4. - кер, - гер: айлакер, саудагер</p> <p>5. - кеш, -хана, -паз, -қой, - стан, - қор: шайхана, кітапхана, арбакеш, жемқор</p>	<p>1. - м, -ым, -ім: байлам, күзем, қысым, түсім</p> <p>2. ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе : ұрма, көрме, сүзбе, кеспе</p> <p>3. -қы,-кі, -ғы, -гі : шалғы, тепкі, бұрғы</p> <p>4. -с, -ыс, -іс: талас, айтыс, жүріс</p> <p>5. -қ,-к,-ық,-ік, -ақ , -ек: тарақ, күрек, қызық, түкірік</p> <p>6. -ыш,-іш: қуаныш, таяныш, өкініш, сүйініш</p> <p>7. -н, -ын, -ін: боран, жуын, түйін.</p> <p>8. -у: сабау, жамау, көсеу</p> <p>9. -ынды, інді: шайынды, үйінді</p> <p>10. -ғыш,-гіш, -қыш, -кіш : сүзгіш, сыпырғыш, білгіш</p> <p>11. -уыш, -уіш : өлшеуіш, түйреуіш, бастауыш</p> <p>12. -ыр, -ір, -р, -ар, -ер: үнгір, шұқыр</p>

БЕРІЛГЕН ЗАТ ЕСІМДЕРДЕН СӨЙЛЕМ ҚҰРАСТЫРЫҢДАР

Жеке заттарға атау		Ұқсас, жалпы заттарға берілген атау	
Жалқы есім		Жалпы есім	
<i>дара</i>	<i>күрделі</i>	<i>дара</i>	<i>күрделі</i>
<i>Астана</i>	<i>Қазақстан Республикасы</i>	<i>қала</i>	<i>Кемпірқосақ</i>
<i>Мұхтар</i>	<i>«Абай жолы» романы</i>	<i>жазушы</i>	<i>Мәдениет үйі</i>
<i>Зерде</i>	<i>Абылай хан даңғылы</i>	<i>көше</i>	<i>ата-ана</i>

Тапсырмалар

Қосымшаларды дұрыс орналастыр

тақта	-да	-лер
әріп	-дің	-тер
терезе		
дәптер	-ке	-тың
доп		
үстел	-ның	-ды
сурет	-тар	-ге
орындық		
қағаз		

КӨП НҮКТЕНІҢ ОРНЫНА ТИІСТІ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІ ҚОЙЫҢДАР.

- Жазушы.....
 - Ғарышкер....
 - Саяхатшы.....
 - Сазгер.....
- Ақын.....
 - Әнші.....
 - Ғалым....
 - Суретші....

Мысалы: *Жазушы - Мұхтар Әуезов*

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

Қазақ халқының ұлттық киім-кешегі-ұлттық тұрмыстық және рухани мәдениеттің бағалы ескерткіштерінің бірі. Одан қазақтардың ұлттық ерекшеліктері, мәдени-дәстүрлері эстетикалық талғамы анық байқалады. Киімнің тігілуінен халық тұрмысының жай-күйі, мәдениетінің қалыптасуы, ғасырлар бойы жинаған еңбек тәжірбиесі көрінеді. Ұлттық киімдер сәндеп кестеленеді, зергерлік және басқа әшекей заттармен әдіптеледі. Халық шеберлерінің көптеген қолтумалары өнердің өлмес туындыларына айналды.

Бұлар қазақ халқының мәдени қазынасы.

1. Мәтінге сұрақтар құрастыру, зат есімдерді тауып, жалғауларын ажырату.

КЕРЕКТІ СӨЗДЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН СӨЙЛЕМДЕРДІ ТОЛЫҚТЫРЫҢЫЗ

Ағай жақсы ... берді.

терең

Досымда жақсы... бар.

суық

Ол кең бөлмеде... отыр.

жалғыз

Көгілдір аспан... ән салды.

еңбек

Бүгін ауа-райы

кітап

Ол бұл туралы ... ойлады.

кеңес

Ол домбырада ... ойнайды.

сүйкімді

Ол ... жақсы айтады.

әнді

Ердің атын ... шығарады.

бозторғай

Қандай ақылды әрі ... бала.

шебер

ҚОС СӨЗДЕРДІҢ СЫҢАРЫН ТАБЫҢЫЗ.

су

оқта

ұшып

бала

көре

ағалы

жекпе

ары

аппақ

текте

шаға

көре

інілі

жек

бері

аппақ

су

қонды

БЕРІЛГЕН СӨЗДЕРДІ ТИІСТІ БАҒАНДАРҒА ОРНАЛАСТЫРЫҢЫЗ:

Оқу, үлкен-кіші, жап-жасыл, БҰҰ, Талдықорған, АҚШ, өзен, көл, бетпе-бет, шекара, киім-кешек, ТМД, ағаш, көше, көзқарас, Ақтау, ҚР, ҰБТ

Түбір сөздер	Қос сөздер	Біріккен сөздер	Қысқарған сөздер



**ӨЛЕҢДІ МӘНЕРЛЕП ОҚЫ, СЫЗБА БОЙЫНША ҚАРАМЕН ЖАЗЫЛҒАН
СӨЗДЕРДІ ТАЛДА**

Етікші етік тігеді,

Наубайшының нанын жеп.

Наубайшы пешке күйеді.

Етікшінің қамын жеп.



БЕРІЛГЕН СӨЗДЕРГЕ ТИІСТІ ЖҰРНАҚТАРДЫ ЖАЛҒАҢЫЗ.

Қой...

Әдебиет ...

Жол...

Тара ...

Күре...

Бора...

Сауда...

Сүз...

Сыз...

Тілек...

Тиісті жұрнақтар:

-ба, -дас,-қ, -н,-ші,-гер, -бе, -шы, -к, -тес.

Тест тапсырмалары

1. Дара зат есімді көрсетіңіз

A. Тұрған B. Оқу C. Күшті D. Қиял E. Ата-ана

2. Негізгі зат есімді белгілеңіз

A. Күнделік B. Көркем C. Ұлық D. Қол E. Бос

3. Берілген сөзден туынды зат есім жасайтын жұрнақты көрсетіңіз *Адам*

A. –дар B. –ға C. –ша D. –шылық E. –дікі

4. Жалқы зат есімді көрсетіңіз

A. Сөйлем B. Тәуелсіздік C. Семей D. Ел E. Көкшіл

5. Деректі зат есімді анықтаңыз

A. Азап B. Шабуыл C. Дәулет D. Тас E. Ар-ұят

6. Зат есім сөйлемде қандай қызмет атқарып тұр ? *Кітап оқыдық.*

A. Бастауш B. Баяндауыш C. Толықтауыш D. Пысықтауыш E. Анықтауыш

7. Күрделі зат есімді табыңыз

A. Зейін B. Білгіш C. Әдет-ғұрып D. Самғау E. Бос

8. Жалпы зат есімді белгілеңіз

A. “Абай жолы” B. Құлагер C. Балқаш D. “Жас Алаш” E. Тау

9. Жіктік жалғауы дұрыс жалғанған зат есімді табыңыз

A. Аспанбыз B. Керегесіздер C. Шәкіртпіз D. Оқулықтармыз E. Тіліміз

10. Дерексіз зат есімді белгілеңіз

A. Алтыбақан B. Жер C. Данқ D. Дария E. Жусан